



**"Заңды тұлғалардың табыс салығын бюджетке есептеу және төлеу тәртібі туралы"
" Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Бас салық инспекциясының N
33 Нұсқауына өзгерістерді бекіту туралы**

Күшін жойған

Бұйрық Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кіріс министрлігі 2000 жылғы 5 сәуір N 301. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2000 жылғы 6 сәуірде тіркелді. Тіркеу N 1104. Күші жойылды - ҚР Мемлекеттік кіріс министрінің 2002 жылғы 9 сәуірдегі N 416 бұйрығымен.

-----Бұйрықтан үзінді----- Мемлекеттік кіріс министрінің 2002 жылғы 9 сәуірдегі N 416 бұйрығы

"Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының K010209_ Кодексі (Салық Кодексі) қолданысқа енгізу туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 12 шілдедегі Заңына с ә й к е с

Б Ұ Й Ы Р А М Ы Н :

Күшін жоғалтқан жекелеген бұйрықтарының тізбесі:

57. "Заңды тұлғалардың табыс салығын бюджетке есептеу және төлеу тәртібі туралы" Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Бас салық инспекциясының N 33 Нұсқаулығына өзгерістерді бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кіріс министрінің 2000 жылғы 5 сәуірдегі N 301 V001104_ бұйрығы. -----

Б ұ й ы р а м ы н :

1. Осы бұйрыққа қоса беріліп отырған "Заңды тұлғалардың табыс салығын бюджетке есептеу және төлеу тәртібі туралы" Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Бас салық инспекциясының N 33 V950078_ Нұсқауына өзгерістер бекітілсін. 2. Әдістеме департаменті (Н.Д. Үсенова): - аталған өзгерістерді Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігімен келіссін; - келісілген өзгерістерді Қазақстан Республикасының Әділет министрлігіне мемлекеттік тіркеуге жіберсін. 3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау вице-министр Қ.А. Нұрпейісовке жүктелсін. Министр "Заңды тұлғалардың табыс салығын бюджетке есептеу және төлеу тәртібі туралы" N 33 Нұсқауға өзгерістер енгізу туралы II- бөлімде: 8-тармақта: бесінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын: "Тауарларды (жұмыстарды, қызмет көрсетулерді) сатудан алынған

кіріспен байланысты операцияларды жасау кезінде сомаларды бекітумен шетел валютасындағы айырым салық салу мақсатында ескеріледі." Жиынтық жылдық табыс туралы декларацияны толтыру және заңды тұлғалардың жүргізген шегерімі бойынша Басшылықта: "8-қосымша. Күмәнді талаптар" бөлімінде: он екінші бөліктің екінші сөйлеміндегі "қызмет көрсетулер" деген сөзден кейінгі үтір алынып тасталсын. Оқығандар: Омарбекова А.Т. Икебаева Ә.Ж.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК